

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі
Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті
Инженерлік технологиялар факультеті

СӨЖ

Орындаған: Ринатова Ш.Р.
Семей 2021 ж.

Ақпараттық технологиялардың негізгі ұғымдары



Ақпараттық технология — объектінің, процестің немесе құбылыстың күйі туралы жаңа ақпарат алу үшін мәліметтерді жинау, өңдеу, жеткізу тәсілдері мен құралдарының жиынтығын пайдаланатын процесс.

Ақпарат технологиясы — ақпаратты өңдеу үшін пайдаланылатын технологиялық элементтердің, құрылғылардың немесе әдістердің жиынтығы. Ақпараттық технология — қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.



Ақпараттық технологияның мақсаты - адамның талдауы үшін ақпарат өндіру және оның негізінде әрекетті жүзеге асыру туралы шешім қабылдау (басқару шешімі).



А.т құралдарына техникалық, программалық, ақпараттық құралдар жатады. Техникалық құралдарға дербес компьютер, байланыс желілері, желі жабдықтары енеді.

Техникалық жабдықталуына тәуелді болып келетін ақпараттық технология түрі ақпаратты жинақтауға, өңдеуге мүмкіндік береді.

Техникалық және ақпараттық жабдықтамаларға тікелей тәуелді болып келетін программалық құралдар жинақтау, өңдеу, талдау қызметін атқарады

Ақпараттық технологиялардың эволюция кезеңдері.

I-і кезең



XIX ғасырдың екінші жартысы

II -і
кезең




XIX ғасырдың соңы мен XX
ғасырдың 40-жылдарына дейін

III -і
кезең



XX ғасырдың ортасы

IV -і
кезең



1980 жылдан бастап XXI ғасырдың
басына дейін


Бірінші кезең ХІХ ғасырдың екінші жартысымен шектеледі және ең бастысы, қылқалам, қағаз сияқты жабдықтарды пайдаланып, ақпаратты пошта, шабарманның көмегімен тарататын технологияларды білдіреді. Бұл технологиялар ақпаратты құру мен оны қажетті түрде ұсынуға бағытталған.

Екінші кезең ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың 40-жылдарына дейінгі аралықты алып жатыр. Ол жазу машинкалары, телефон, фонограф сияқты жабдықтарды, поштамен жеткізудің жетілдірілген (механикалық) тәсілдерін пайдаланумен сипатталды. Технологиялар ақпаратты ұсынудың аса ыңғайлы формаларын қамтамасыз етеді.

Үшінші кезең ХХ ғасырдың ортасы (40-жылдардың соңынан 80- жылдарға дейінгі аралық). Ақпаратты өндеудің ақпараттық технологиялары дами бастады. Оның жабдықтарына үлкен ЭЕМ, электрлік жазу машинкалары, көшірме аппараттары, магнитофондар жатады. Адам іс-әрекетерін түрлі салаларында ақпаратты өңдеуге арналған автоматтандырылған басқару жүйелері, базалық және арнайы программалы-техникалық кешендер пайда болды.

Төртінші кезең (1980 жылдан бастап ХХІ ғасырдың басына дейін) дербес компьютерлерді және олардың әр түрлі программалық жабдықтамаларын, факсимальді байланыстарды, электрондық пошталарды, компьютерлік желілер мен Интернетті кеңінен қолдануға бағытталған «ақпараттық» кезең ретінде анықталды.

Пайдаланушылардың компьютермен немесе бір-бірімен қарым-қатынас жасаудың интерактивті режимі жүзеге асырылды.




Экономиканың және қоғамын дамуында АТ рөлі.

Экономикадағы АТ. Ақпараттық технологиялар мен экономика тығыз байланысты және бір -біріне күшті өзара әсер етеді. Біріншіден, ақпараттық технологиялар қазіргі кездегі формада, бизнес пен менеджмент салаларының өкілдері ақпараттық және ақпараттық технологиялар дамудың қуатты ресурсы екенін түсінуіне байланысты қалыптасты. Осы сұраныстың арқасында АТ соңғы онжылдықта даму тұрғысынан тіпті ғарыштық технологияларды да басып озып келе жатқан салалардың біріне айналды. Бірнеше айлық жиілікпен алға қарай маңызды қадам және стандарттардың толық өзгеруі байқалады.

Сонымен қатар, АТ және олардың дамуы, өз кезегінде, қазіргі экономиканың дамуына әсер етеді. Технологиялық революцияның әсерінен бизнестің құрылымы қалай өзгергенін қарастырыңыз. Жоғарыда айтылғандай, ақпарат экономиканың өмірлік маңызды компоненттерінің тізімінде жетекші орынға ие болды. Ақпараттық технологияларды дамытудың қуатты потенциалын қамтамасыз еткен компьютерлердің жаппай таралуынан кейін ақпаратты жинайтын, өңдейтін және сататын тұтас салалар пайда болды.

Қазіргі заманғы АТ ұсынатын мүмкіндіктер экономиканың динамизмінің артуына, нарықтағы капитал айналымының жылдамдығының артуына ықпал етті. Транзакцияларды орындау жылдамдығының артуы (мәміле жасау, тапсырыстарды орындау, ақша аудару және т.б.) экономиканың интенсивтенуіне және дамуына ықпал етті.



Қаржылық функциялар.

Қаржы функциялары. Қаржының мәні болу қатынастарының ерекше саласы ретінде бөлу функциясымен айқындалады. Осы функция арқылы қаржының қоғамдық мақсаты жүзеге асырылып және әрбір шаруашылық жүргізуші субъектілер қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз етіледі.



Қаржының бөлу функциясының қызмет ету объектісі болып жалпы қоғамдық өнім құны, сонымен қатар ақшалай нысанда сипатталатын ұлттық байлықтың бөлігі табылады.

Қаржылық бөлудің субъектілері болып ұдайы өндіріс үдерісінің қатынасушылары және иелігінде нысаналы мақсаттағы қорлары бар заңды және жеке тұлғалар (мемлекет, кәсіпорын, бірлестік, ұйым, мекеме, азаматтар) табылады. Қаржы арқылы бөлу үдерісі материалдық өндіріс, айналыс және тұтыну салалары тәрізді қоғам өмірінің барлық саласында жүреді. Бөлудің қаржылық әдістері экономиканы басқарудың, жалпы ұлттық, аумақтық, жергілікті деңгейін қамтиды. Қаржылық бөлуге шаруашылық ішілік, салаішілік, салааралық, аумақаралық бөлудің әр түрін тудыратын көпсатылық тән.